

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

Кеңшілік А.Т.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Жаратылыстану ғылымдары факультеті
Астана қ., Қазақстан
(Ғылыми жетекші: Ph.D докторы, доцент Көпежанова Д.Е.)

ДЕМОГРАФИЯ МӘСЕЛЕСІ-ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Бір халықтың, ұлттың, ұлыстың санын, құрамы мен құрылымын, өсу немесе кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласын демография деп атаймыз. Демография ғылымы адам популяциясының жынысы, жасы, отбасылық жағдайы және этникалық шығу тегі бойынша, сондай-ақ, осы популяцияның туу, өлу және миграция коэффициенттеріндегі өзгеруі тұрғысынан статистикалық зерттейді.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік қарым-қатынастар негізінде демографиялық процесстер орын алады. Сол себепті, демография әлеуметтану, саясаттану, экономика, медицина, этнография ғылымдарымен әрдайым байланыста болады. Аталған ғылымдарды зерттеу арқылы демография ғылымы өзге ғылым салаларына жаңа деректер қосады. Демографиялық процесстерге: әр түрлі буын өкілдері үшін жас айырымы көрсеткіштерін жасау арқылы дәл сол уақыттағы даму-құлдырау деңгейін көрсететін әдісі; когорт әдісі; потенциалды демография әдісі арқылы демографияда ғылымның басқа салаларындағыдай болжамдар жасауға, оларды деректер арқылы тексеру және соның негізінде ғылыми қорытынды жасау болады. Халық санын анықтағанда бұрын ұйымдастырылған статистика жолымен есептеу әдісі қолданылады. Сондай-ақ демографиялық коэффициенттерді пайдаланып, оларды салыстыру, теңестіру тәсілдері де демографияның өзіндік зерттеу әдістерінің бірі болып саналады. Демография ғылымының негізін салушы – ағылшын ғалымы

Дж. Граунт. Ол алғаш рет Лондондағы тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде халық арасындағы өлудің көрсеткішін жасауға және оның заңдылықтарын анықтауға талпыныс жасаған. Қазір заман ағымының даму нәтижесінде, демография жеке пән болып қалыптасты.

Тәуелсіздік алып, егеменді ел болып, іргетасымызды берік қалап келе жатқан Қазақ елі жарқырап, жайнап, өзге елдермен керегесі кең, терезесі тең деңгейде келеді. Соның бір жарқын дәлелі ретінде ұлттық демографиялық санамыз бен демографиялық мінез – құлқымызда орын алып отырған келелі өзгерістерден айқын байқалады. Соңғы жылдары еліміздің әрбір азаматы демографиялық деректерді білуге деген құлшыныс танытып, қазақ ұлтының өсіп-өнуінің, сандық және сапалық өркендеуінің ахуалы туралы хабардар болып жүр. Ол әр қазақ азаматын ойландыратын және ойландыруы тиіс мәселе деп ойлаймын. Дамыған мемлекеттермен салыстырғанда, ұлтымыздың

саны әлдеқайда аз екені көңіл көншітпейді. Әрине, санымыздың аз болуына себеп те аз емес. «Мың өліп, мың тірілген қазақ» халқы басынан талай демографиялық апаттарды өткерді. Елдігіміздің шырқын отаршылдардың нағыз демографиялық зобалаң жолдармен бұзып келгені баршаға аян. Мысалы, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы соның нақты айғағы емес пе?!

Кеңес Одағының ыдырағаннан кейін еліміздің көптен күткен тәуелсіздігін алған кезде елде демографиялық өзгерістер мен жаңа көші-қон толқындары болды. Бұл кезеңдегі демографиялық үрдістердің негізгі ерекшелігі- өлім-жітімнің көбеюі, бала туудың кемуі, яғни, табиғи өсімнің құлдырауы салдарынан халықтың жалпы санының азаюы. Бұған қоса республикамыздан алыс-жақын жерлерге ауып кетіп жатқан көші-қон толқындарының өрістеуі де халық санын төмендетіп жіберді.

Белгілі демограф Мақаш Тәтімов: «Еліміздегі әрбір отбасында алты-жеті баладан болса екен. Үкімет тарапынан ана мен балаға тиесілі дәрежеде қамқорлық жасалса. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, ғасырлар бойы ержүрек бабаларымыз қорғап келген кең байтақ қазақ жерін әйелдеріміз дархан да дана, елім деп еміренетін текті қазақтың ұрпағымен толтырса екен деп тілеймін»[1,184б]-деген болатын. Бұл пікірдің астарында терең мән-мағына бар. Елімізде ана мен баланың денсаулығын жақсарту жолында құрамында темірі және йоды бар дәрі-дәрмектерді жүкті әйелдерге тегін беру, әйелдердің денсаулығын тегін медициналық сараптамадан өткізу және тағы басқа бірқатар шаралар атқарылуда. Осы тұрғыда 2005 жылғы қабылданған “Балалы отбасыларына мемлекеттік көмек” туралы Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бала асырап алғандар және балаға қорғаншы болған отбасыларға бала туғанда берілетін бір реттік көмек көлемі жыл сайын артып келеді.

«Мәңгілік ел» идеясының жалпы барлық халықтардың саны болжанған. Қазақпен бірге еліміздегі диаспоралардың да үлесі артып, оның есесіне Еуропалық диаспоралар: орыстар, немістер, поляктардың саны кеміп жатыр. Олардың саны кемігендігі бала санының азаюынан емес, олардағы өлім санының туылған балалардан артық болуы. Ал, енді бір қуантатын нәрсе қазақтардың саны көбейіп келе жатыр, ол кезге дейін ең кем дегенде екі есеге көбейеді. Осы орайда, Мақаш Тәтімов өз ұсынысын айтқан еді: «Қазір жетінші балаға алтын, алтыншы балаға күміс алқа береді. Негізінен халықтың санын төртінші бала өсіреді, спорттағы секілді қола медаль беруді ұсынып жатырмын. Жаңа шыққан естелігімде бұл жайында да айтып кеттім. Қола медаль да жаман емес қой, үлкен бір сый болмаса да, азын-аулақ көмек болар еді. Себебі, төртінші бала қала тұрмақ, ауылда сиреп бара жатыр. Жергілікті басшыларға неге осыны қолға алмасқа? Және сол балалардың әкесіне де лайықты құрмет көрсетілуі керек. Қазақстанда металл жетеді ғой, бір

медальді сол әкелерге де арнап қойса артық болмас еді»[2, 264б]-деп айтқан болатын. Қазіргі таңда алтын құрсақты аналардың саны көбейіп келеді. Оны ұлысымыздың ұлысы саналатын Оңтүстік Қазақстанда демографиялық дүмпудің көрінісінен анық байқаймыз. ОҚО, Отырар ауданына қарасты Балтакөл ауылында батыр ана көп. Балтакөл ауылдық округінде 408 отбасы тұрады, «Алтын алқа» иелері-66, «Күміс алқа» иелерінің саны-130. Бұл дегеніміз әрбір екінші үйде көпбалалы ана тұрады деген сөз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайынғы халқына жолдауының бір тармағын демографияға арнайды. Онда жалпы өсім, туу мен өлім көрсеткіштері, ана мен балаға берілетін әлеуметтік көмектер қарастырылады. Президент министрліктерге арнайы тапсырмалар береді. Осындай міндетті мойнына алған құзырлы мекемелер «2015 жылы халқымыздың саны 20 миллионға жетеді» деп есеп берген еді. Уақыт жоғарыдағылар берген уәденің орындалмағанын көрсетті. Себебі, қазір елімізде 17,4 миллион адам тұрады. Жер көлемі 2724,9 мың км аумақты алып жатқан кең байтақ жерімізге 17 миллион адам аздық етері анық. Ал демографиялық мәселелермен басшылықта кім айналысып жатқанын ешкім білмейді. Бұрын бұл мәселемен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі айналысқан болатын, қазіргі таңда бұл министрлік жоқ. Демографиялық мәселелермен Ұлттық экономика министрлігі басқармасы көп мәселенің бірі ретінде жалпылама қарайды. Осыған байланысты, демографиямен айналысатын орталық ашу мәселесі үкімет алдындағы күрмеуі шешілмеген маңызды мәселе деп санаймын.

Ресейде «Ана капиталы» деген жаңа заң қабылданды. Мысалы, өмірге келген екінші немесе үшінші балаға 250 мың рубль беріледі. Бұл қаржыны ата-анасы тек үш жылдан кейін ғана пайдалана алады. Осы үш жылдан кейін баланың аман-сау тәрбиеленіп жатқан Ресей үкіметі ақшаны баланың ата-анасына еш ойланбастан қолына ұстатады. Ал, Италияда әрбір өмірге келген бала үшін 10 мың доллар беріледі. Сол себепті, Италия ананы қолдау жағынан әлемде көшбастап тұр. Екінші орында-Ресей.

Елбасымыз 2020 жылға қарай Қазақстанда адам санын 20 миллионға жеткізу керек деген тапсырма берді. Осы жерде менде мынадай сұрақ туады: «Көздеген межемізге жетпеуімізге не себеп?», «Қазақтың саны қайтсе көбейеді?», «Бұл жоспарды қалай жедел іске асыруға болады?»

Қазақстанның дербес демографиялық саясатының өзіндік адал әрі биязы әдіс-әрекеттерді қалыптастыра отырып дамуы болашақта қазақ сияқты өр рухты халқымыздың елдігін нығайтары хақ. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан өз азаматтары үшін өмір сүрудің жоғары стандарттарын жасай отырып, әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің қатарына қосылуы тиіс. Біз бұны ұлтымыз бен экономикамыз бәсекеге қабілетті болған жағдайда ғана істей аламыз»[3],- деген еді. Ал Қазақстанымыздың ұлттық бәсекелестігін

арттыратын ең маңызды фактор – бұл адам ресурсы. Қазақ қашанда мал басын өсіремін деп жүріп, жан санын, яғни, өз санын да өсіру керектігін ұмытпауымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәтімов М. Халықнама немесе Сан мен Сана: Т 27 Демографтың ойтолғаныстары. – Алматы: Жазушы, 1992. – 184б.
2. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: - Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 264б.
3. <https://egemen.kz/old/?act=readarticle&id=478>

**Қалиоллаұлы Дармен
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
саясаттану кафедрасының
аға оқытушысы
Астана қ., Қазақстан**

МӘНГІЛІК ЕЛ – МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Еліміздің Ата Заңындағы қағидаттарға сәйкес республика Президентінің мемлекеттік саясаттың ұзақ мерзімді стратегияларына қол жеткізу негізіндегі халыққа жыл сайын арналатын Жолдаулары өзінің логикалық жағынан бірізділігімен ерекшеленіп келеді. Сондықтан еліміздің азаматтары мен мемлекеттік институттар алдағы кезеңдегі жаңа мемлекеттік саясат басымдықтарының айқындалуын аса қызығушылықпен күтеді.

Қытайдың көрнекті ойшылы Лао Цзы «мың шақырымдық сапар алғашқы қадамнан басталады» демекші, Елбасымыздың биылғы халыққа Жолдауындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» стратегиясындағы ұлы мақсаттарға қол жеткізудің бір жұрнағы іспетті. Бұл Жолдаудың негізгі құндылықтарының бірі – біздің ұлттық идеологиямыздың «Мәңгілік Ел» деп айқындалуы болды. Бұл идея бүкіл қазақстандықтарды ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне қарамастан бір топқа топтастыратын мемлекетіміздің басты идеологиясы ретінде жария етілді.

Ұлт көшбасшысы аталған құжатта жаңа идеологиялық бағыттың негізгі тұстарын нақтылап қана қоймай, сондай-ақ қазақ халқының күшті мемлекет – «Мәңгілік Ел» туралы санғасырлық асыл арманын мемлекеттік деңгейде нығайта түсті.

Ерекше көңіл бөлетін жайт, еліміздің Президенті басты назарды әлеуметтік және экономикалық салаларға аударумен қатар, барлық